
**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

ФТАХР 03.21.00., 03.24.00., 03.25.00., 03.26.00.

**XX ғ. 20-50 жж. ОРТА АЗИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ
ТАРИХЫНДАҒЫ САЯСИ - ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР**

Бибизия Қалшабаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор м.а., т.ғ.д.,
Қазақстан, Алматы қаласы, E-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

Түйіндеме. Автор мақалада XX ғ. 20-50 жж. Орта Азиядағы қазақтардың қалыптасуындағы саяси әлеуметтік факторларды сараптап, жүйелі түрде қарастырады. Мақалада қазақтардың тарихи Отанынан тыс жерлерде қалыптасуының объективті және субъективті себептерін көрсетіліп, сол кезеңдегі Кеңес өкіметі жүргізген солақай саясаттың нәтижесіндегі қазақтардың тағдыры, саяси әлеуметтік жағдайы айқындалды. Кеңес өкіметінің бастапқы жылдарында жүргізілген саясат: Орта Азия республикаларының этникалық шекараларын межелеу, ұжымдастыру шаралары, ашаршылық, сталиндік саяси қуғын сүргін, т.б. мәселелер қазақтардың Орта Азияда қалыптасуына ықпалын тигізді. Мәселен, шекара бөлу кезеңінде қазақтар қоныстанған Болат болыстығындағы және Ташкентті қоршап тұрған 6 болыстықтың Өзбекстанға енуі. Сондай ақ, мақалада қазақтардың Орта Азияда қалыптасуының бір себебі шекараны межелеу барысындағы жерге қатысты дау-дамай, ашаршылық, қуғындауға байланысты қоныс аудару мәселелері деректермен дәлелденіп беріледі. Автор мақалада қазақтардың қалыптасуындағы тарихи жағдайды көрсету мақсатында Өзбекстан және Қырғызстан республикаларының мұрағат қорларынан алынған деректерді кеңінен пайдалана білген.

Кілт сөздер: Орта Азия, қазақтар, қалыптасу тарихы, саяси-әлеуметтік факторлар, шекара межелеу, ұжымдастыру, ашаршылық, саяси қуғын сүргін.

МРНТИ 03.21.00., 03.24.00., 03.25.00., 03.26.00.

**ПОЛИТИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНЫЕ ФАКТОРЫ В ИСТОРИИ
ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХОВ В СРЕДНЕЙ АЗИИ В 20–50 ГГ. XX В.**

Бибизия Қалшабаева

д.и.н., и.о. профессор Казахского национального университета им.
әл-Фараби. Казахстан, г. Алматы, e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

Аннотация. Автор статьи анализирует и систематизирует политические и социальные факторы в истории формирования казахских диаспор в Средней Азии. В статье показаны объективные и субъективные причины образования этнических групп казахов за пределами их исторической родины, выявленный в последствии применения советской властью неправомерной политики в отношении казахов, и определены особенности политической и социальной ситуации того времени.

В результате определены последствия политики, проводимой в первые годы советской власти: демаркация этнических границ республик Средней Азии, коллективизация, голод, сталинские политические репрессии и т.д. Например, во время демаркации границы населенный казахами волость Болат и 6 волостей окружающих Ташкента вошли в состав Узбекистан. В статье также приведены документы, свидетельствующие, что одной из причин образования казахских диаспор в Средней Азии были земельные споры в связи с демаркацией границы, голодом и репрессиями и др. проблемы. Для того, чтобы показать в статье историческую ситуацию формирования казахских диаспор, автор широко использует данные архивов республик Узбекистан и Кыргызстан.

Ключевые слова: Средняя Азия, казахи, история образования, политические и социальные факторы, демаркация границ, коллективизация, голод, политические репрессии.

IRSTI 03.21.00., 03.24.00., 03.25.00., 03.26.00.

**POLITICAL AND SOCIAL FACTORS IN THE HISTORY OF THE FORMATION
OF KAZAKHS IN CENTRAL ASIA 20-50 YEARS, XX CENTURY**

Bibiziya Kalshabayeva

Doctor of history science, al-Farabi Kazakh National University
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

Abstract. The author of the article analyzes and organizes the political and social factors of the history of the formation of Kazakhs in Central Asia. The aim is to show the objective and subjective reasons for the emigration of Kazakhs abroad, to determine the fate of kazakhs, the political and social situation as a result of the left policy of the Soviet government at that time. The aim is to show the objective and subjective reasons for the formation of Kazakhs outside their historical homeland, to identify the consequences of the illegal policies of the Soviet government and the political and social situation and the fate of the Kazakhs. The consequences of the policies of the early years of Soviet rule will be defined: demarcation of ethnic borders of Central Asian republics, collectivization measures, famine, Stalin's political repressions, etc. in the formation of Kazakhs in Central Asia. For example, during the demarcation of the border, the Bolat volost inhabited by Kazakhs and 6 volosts surrounding Tashkent became part of Uzbekistan. The article also provides evidence that one of the reasons for the formation of Kazakhs in Central Asia were land disputes in connection with border demarcation, famine and repression, etc. problems. In order to show in the article, the historical situation of the formation of Kazakhs, the author managed to use widely the data of the archives of the republics of Uzbekistan and Kyrgyzstan.

Key words: Central Asia, Kazakhs, education history, political and social factors, demarcation of borders, collectivization, famine, political repression.

Кіріспе. Бүгіндегі әлемдік өркениет жағдайында болып жатқан түбегейлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістер Орта Азия аймағындағы елдерге де тікелей қатысты. Ерте кезеңнен ақ көршілес мемлекеттермен тарихи, геосаяси, этносаяси және геозкономикалық өзара байланыста болған Қазақстан Республикасы сырттағы қазақтардың да тарихи тағдырын, этникалық даму мүмкіндігін, саяси статусын, әлеуметтік және мәдени сұраныстарының орындалуын өзінің ішкі және сыртқы саясатында назардан тыс қалдырмайды. Шет жерлердегі қандастарымыздың тарихи тағдыры да, этникалық даму эволюциясы да қазақ этносы дамуының ажырамас бір бөлігі. Сонау XX ғ. 20-30 жж. Кеңес өкіметінің қитұрқы саясатының нәтижесінде орын алған әр түрлі тарихи зобаландардың зардабынан қазақтар әлемдегі диаспораның үлкен бір қауымын құрайтындығы белгілі. Соның ішінде саяси-экономикалық құрылымы әртүрлі елдерде өз қандастарынан бөлек ортада өмір сүріп отырған қазақтардың үлкен бір қауымын Орта Азиядағы қазақтар құрайды. Мәселен, 2000 ж. қарсаңында Өзбекстанда 990022 қазақ саны көрсетілсе (Қалшабаева, 2011:4), 2017 ж. мәлімет бойынша 803400 (<https://stat.uz/ru/ofitsialnaya-statistika>, 2018), Түркіменстанда 98 мың (2000 ж.) қазақ болса, 2020 ж. мәлімет бойынша Түркіменстанда 19 мыңға тарта этникалық қазақ тұрды (<http://meteojournal.ru>, 2020), Қырғызстанда 42657 мың (2000 ж.), 2019 ж. қарсаңында 36396 қазақ болған (www.stat.kg, 2019). Тәжікстанда 1989 ж. 11376 қазақ болса, 2019 жж. 595 қазақ болған (<https://asiaplustj.info/news>, 2019). Бұл аумақтағы қазақтардың қалыптасуындағы бір айырмашылығы ата-баба жерінде отырып, тарихи Отанынан ажырап қалған «ирредентті» құраса, ендігі бір тобы сонау жоңғар шыпқыншылығынан Кеңес дәуіріндегі ұжымдастыру, ашаршылық, репрессия т.б. қиындықтармен қоныс аударған диаспораны құрайды. Сондықтан да қандастарымыздың тарихи тағдыры, шет жерлерге ығысуының объективті және субъективті факторлары, Орта Азияға таралу, орналасу аясы, саны, басқа этникалық қауымдағы проблемалары, сондай ақ болашағы туралы мәселе қазақ зиялыларын, саясаткерлерін, ғалымдарын қызықтыратындығы айқын.

Қандастарымыздың шет жерлерге таралу тарихын сонау XVII-XVIII ғғ. халқымызға жасаған қыспақ жоңғар шапқыншылығынан бастап, XIX және XX ғ. басындағы патшалық Ресейдің отаршылық саясаты, 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс, 1917-1918 жж. кеңес өкіметінің орнауы, саяси экономикалық дағдарыс, онан кейінгі кезеңдердегі

ауыртпашылықтағы қоғамдық саяси жағдайлар, күштеп ұжымдастыру барысындағы асыра сілтеу, ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін т.б. байланыстырамыз. Кеңес Одағы тұсында коммунистік партияның және жергілікті жерлердегі қайраткерлердің солақай саясаты т.б. себептерден де халқымыз шет жерлерге ауа көшіп, шығынға ұшырағаны тарихтан белгілі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев қазақ халқының басынан өткізген қиын да ауыр тағдыры жөнінде былай дейді: «...өз жерімізде өзіміз қуғынға түстік. Мындаған жандар қырылып, мындаған жандар ата жұртын тастап кетуге мәжбүр болды. 1932-1933 жылдарда қазақ даласында болған адам айтса нанғысыз ашаршылық, 6 миллиондай халықтың 2,2 миллионы айдың күні аманында опат болғаны, сталиндік репрессия жылдарында аяулы да абзал азаматтарымыздың жойылғаны-большевизмнің бетіне басылар қара таңба, біздің ғасырлар бойы ұмытпайтын қасіретіміз», - деп көрсетті (Назарбаев, 2001:8). Олай болса, біз сол шет жерлерде жүрген қандастарымыздың тарихи тағдырындағы саяси әлеуметтік факторларды саралап, Кеңес өкіметінің солақай саясатынан жазықсыз жапа шеккен қандастарымыздың ақиқатын айқындап, жарқын есімдерін елге таныту біздің зерттеуіміздің арқауы болмақ.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің методологиясы қазіргі тарих ғылымдарындағы негізгі концептуальды тәсілдердің қалыптасуы мен дамуында үлкен үлес қосқан Қазақстан және шетелдік тарихшылардың теориялық тұжырымдары мен концептуальды қағидаларына сүйенеді.

Мақаланың жалпы ғылыми бағыты тарихи принципке, жүйелілікке, салыстырмалы және эксперименталды талдауға негізделеді. Сондай ақ, методологиялық кеңістікте мынадай ғылыми-қолданбалы әдістер: этносоциологиялық, этнопсихологиялық және далалық этнографиялық зерттеу әдістері, зерттеудің пәнаралық принциптерін қолдану негізге алынады. Мәселен, тарихи-салыстырмалы әдіс барысында Орта Азия республикаларындағы саяси әлеуметтік факторлардың қазақтардың қоныстануындағы аумақтық ерекшелігін, корреляциялық талдау әдісі арқылы қазақтардың шет жерлерге таралуының тарихи, саяси әлеуметтік себептері, жергілікті ортадағы мәртебесі мен сіңісуі анықталады.

Этносоциологиялық және этнопсихологиялық зерттеу әдістерін қолдану арқылы Орта Азиядағы қандастарымыздың қалыптасу тарихындағы әлеуметтік саяси факторлар айқындалып, қазақтардың жергілікті ортада даму мүмкіндігі мен белсенділігі анықталады.

Талдау. Мәселенің зерттелуі. Орта Азиядағы қазақтардың қалыптасуындағы саяси әлеуметтік факторлар, оның ішінде Кеңес өкіметі тұсында қандастарымыз басынан өткізген ашаршылық, сталиндік репрессия, оның зардаптары мен қандастарымыздың ақталуы, т.б. мәселелер Орта Азия республикалары ғалымдарының назарынан тыс қалып келді.

Мақаланың негізіне Кеңес өкіметі тұсында мемлекеттік деңгейде жүргізілген әртүрлі құжаттар, зерттеулер және мұрағат қорлары арқау болды. Мәселен, «Отчет Сырдаринского экономического Совещания за 1921-1922 гг. хоз. год.» (Отчет Сырдаринского экономического, 1925:36), «Материалы комиссии экспедиционных исследований АН СССР. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда» (Материалы комиссий, 1927:214), «Материалы по районированию Узбекистана» (Материалы по районированию, 1926:56), мемлекеттік құжаттар, Н.И. Балашевтың «Узбекистан и сопредельные Республики и области» (Балашев, 1925:97), Н.Б. Архипов «Средне-Азиатские республики» (Архипов, 1930:159), Орта Азияның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межелеу нәтижесі жөнінде Т.А. Жданконың «Национально-государственное размежевание и процессы этнического развития у народов Средней Азии» (Жданко, 1967:120), т.б. еңбектерді атауға болады. Орта Азиядағы қазақтардың сандық құрылымын зерттеуде Н.Е. Бекмаханованың Қазақстан, Орта Азия, Батыс Сібір халықтарының тарихын зерттей отырып, қазақтардың сандық құрылымының динамикасын, өзгерісін зерттеген «Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (последняя четверть XVIII-60-е годы XIX в.)» (Бекмаханова, 1980:243) ғылыми зерттеу болып табылады. Еңбекте 1890-1917 жж. Сырдария, Жетісу және т.б. облыстардағы халықтардың туу, өлу, табиғи өсімі, аймақтың әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына ықпал ететін Орта Азия мен Қазақстандағы миграциялық ағындар не механикалық өсімі жөнінде талданған, сарапталған тұжырымдар жасалынады. Сондай ақ, Қарақалпақстанда мекендейтін қазақтардың қалыптасу тарихының себептері жөнінде У.Х. Шалекеновтың «Казахи низовьев Аму-Дарьи. К истории взаимоотношения народов Каракалпакии в XVIII

- XX вв» (Шалекенов, 1966:336) еңбегінің маңызы зор. Отандық тарихшылардың ішінде біздің зерттеу жұмысымыздың кейбір тұстарын ашуда С. Мадуановтың қазақ-өзбек қатынастарына арналған еңбегі, (Мадуанов, 1990:160), С. Мадуанов пен М. Шалекеновтың «История взаимоотношений народов Туркестана в XVIII-начале XX вв.» (Мадуанов, 2000:436) және т.б. еңбектерінде Сырдария мен Әмудария өзендері бойында орналасқан халықтардың тарихы, этнографиясы, шаруашылығымен қоса жергілікті халықтар арасындағы өзара байланыс пен ықпалдылық мәселелерін де қарастырады. К.И. Кобыландин мен Г.М. Меңдіқұлованың «Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы» атты еңбектерінің маңызы зор (Кобыландин, 2009: 296). Сондай ақ, Түркіменстандағы қазақтардың қалыптасуындағы кейбір мәселелер Ш. Кадыровтың «Народонаселение Туркменистана: история и современность» (Кадыров, 1986: 223), А. Оразовтың Хозяйство и культура населения северо-западной Туркмении в конце XIX-нач. XX в.» (Оразов, 1972:129), т.б. еңбектерінде қарастырылады. Тәжікстандағы қазақтар жөнінде Т. Мирхаликовтың «Таджикская ССР» (Мирхаликов, 1984:62), деген еңбектерден мәліметтер алынды.

Орта Азиядағы қазақтардың қалыптасуындағы саяси әлеуметтік факторларды Өзбекстан және Қырғызстан республикалары мұрағат қорынан алған деректерден зерделеуге болады. Мәселен, шекара бөлу нәтижесіндегі қандастарымыздың тарихи отанынан бөлініп қалуындағы мәліметтер Өзбекстанның, Қырғызстанның Орталық Мемлекеттік архивінен жиналған деректерде кездеседі. Олар: ӨРОМА 34 қор, (Положение о землеустройстве кочевников, переселенческих поселков и казачьих станиц) (ӨРОМА, 421:54) мұнда отырықшылыққа көшкендер, казак станицалары мен қоныс аударушылар поселоктарындағы халықтардың орнығуы, 1916-1918 жж. оқиғалардан қашып, жерінен айырылған халықтарды қайта өз жеріне орналастыру жөніндегі мәліметтер ҚырРОМА 847 қор (н/ф Особая комиссия ВИК по землеустройству) (ҚырРОМА, 27:136-141). 1916 ж. оқиғаға байланысты Жетісу облысынан Қытайға үдере көшкен қазақтардың қайта Қырғызстан жеріне қоныстануы жөніндегі деректер ҚырРОМА 20 қор (ҚырРОМА, 187:23), 21 қорынан кездестіреміз (ҚырРОМА, 5:25,92).

Аталған қорларда Қырғызстан халықтарының саны округтер, болыстықтар бойынша көрсетілсе, осы қордың 6 ісінде Қазақстанмен Қырғызстан арасындағы шекарадағы жайлауларға байланысты деректер, 116 істе (ҚырРОМА, 116:27-29) шекара мәселесі қарастырылады. Сол сияқты ҚырРОМА 105 қор, 33 тізбе, 4066 істе де халықтың саны жөнінде мағлұматтар (ҚырРОМА, 4066:87) және т.б. деректерді атауға болады. Көрсетілген зерттеулер мен мұрағат құжаттарынан арнайы Орта Азия қазақтарының қалыптасуындағы саяси әлеуметтік факторлар арнайы қарастырылмаса, олардың аталған елдерде тұрақтауының себептерін анықтайды.

Нәтижелер. 1920-1933 жж. аралығында қазақтардың Орта Азияда қалыптасуының саяси-әлеуметтік факторлары. 1916 ж тарихи оқиғалармен шет аймақтарға кеткен қазақтарды елге қайтару шаралары да жүргізілді. Бүкіл ресейлік Орталық атқару комитеті мен РСФСР-дің Халық комиссариаты Кеңесі қаулы қабылдап, белгілі оқиғаларға байланысты шет жаққа ауған қазақтарды Түркіменстан, Қырғызстан, т.б. территориясынан жер бөліп, жерге құқығын қалпына келтіру керек, иеленбеген жер қалдырмай сол маңайға экономикалық себептермен күштеп отырықшы ету және ол үшін материалдық көмек беру керек деп шешеді, Бүкілресейлік Орталық Атқару Кеңесі комитеті президиумының 1924 ж 25 ақпан, № 6 хаттамасында Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің хатшысы (ВЦИК) А. Кисилев оған қол қояды (ӨРОМА, 181:33). Аталған шара бойынша қазақтар елге оралу барысында Қырғызстан, Тәжікстан елдерінде қалып қояды. Ол жөнінде төменде айтылады.

Өзбекстандағы қазақтардың қалыптасуындағы саяси факторлардың бірі ол 1924-1926 жж. Орта Азия республикаларын ұлттық-территориалдық жағынан межелеу саясатымен байланысты болды. 1924 жылы 23-24 наурызда өткен Түркістан Компартия Комитеті Орталық пленумы Түркістан республикасын ұлттық-территориалдық жағынан межелеу мәселесін қойды. Бұл әсіресе көршілес халықтармен ежелден жаз жайлауы, қыс қыстауы ортақ қазақтарға қиындау тиді. Сондықтан да қазақтардың Орта Азияда қалыптасуының саяси бір факторы Орта Азия және Қазақстан республикаларының этникалық территориясын межелеумен байланысты. Ол әрине республикалар арасында жерге қатысты дау-дамайсыз өткен жоқ. Осы кезеңде 1924 ж. жаңадан құрылған Өзбекстандағы халықтың жалпы саны 3.963285, оның 1.319498 - Бұхарада, 320023 -

Хорезм республикасында, 170682- адам даулы жер аудандарындағы халықты құрады (ӨРОМА, 2550:431). Түркістан республикасынан Өзбекстанға Сырдария облысының оңтүстік-шығысындағы Ташкент және Мырзашөлдің бір бөлігі, даулы аймақ Зеңгіата және Ниазбек болыстықтары өтті. Мұнан басқа Бұхарада қазақтар басым жеке Кенимех ауданы құрылып, ол Орталық өкіметке бағынды (Балашев, 1925:97) БКХР қазақ тұрғындары РКП (б) (Ресей коммунистік партиясы, (б- большевиктік) ОК (Орталық Комитеті) Саяси бюросына, КСРО, ОАК (Орталық Атқару Комитеті) төрағасы М.И. Калининге, БКХР ОАК мүшелері мен БКХР қазақ делегаттарына өтініш жазып, қазақ автономиялы облысын құруды сұрайды (ӨРОМА, 67а:41). Қазақтардың арыз тілегін РКП (б)-ның қазақ облыстық комитеті талқылап, шешім шығарғандығы жөнінде К.И. Қобыландиннің мақаласында көрініс тапқан. Онда: РКП(б)-ның Киробком (Қазобком-К.Б.) мүшелері Бұхара республикасындағы қазақтардың тұрмысын жақсартуды, өзбек республикасынан Бұхарадан қазақтарға жеке автономиялы облысты бөлуді және Бұхара қазақтарымен Өзбекстан Республикасының тең құқықтағы қарым-қатынасты орнатуды, қазақтардың өзіндік ұлттық дербестігін сақтауды, өзбектердің қазақтарды ассимиляциялау бағытын тоқтатуды сұраған талаптары мұрағат құжаттарымен дәлелденіп, жазылған (Кобландин, 2008:62-67). Бірақ қазақтардың талап тілегіне қарамастан Бұхара республикасының Халық Нәзірі (комиссар) кеңесінің төрағасы Ф. Ходжаев БКХР –да тек 40 мың қазақ бар деп көрсетуіне байланысты, бір ғана Кенимех ауданы құрылады (ӨРОМА, 506:42). Сонымен, Бұхара Кеңестік халық республикасындағы қазақтар Өзбекстан қазақтарының санын толықтырды. Ал, 1924 жылы 20 қазанда БКХР территориясы ӨКСР-ның құрамына қосылады.

Өзбекстандағы қазақтардың қалыптасуындағы тағы бір саяси жағдай Ташкент уезі болыстықтарымен байланысты болды. Себебі, Ташкент уезі аумағындағы болыстықтарының басым бөлігінде қазақтар өмір сүрді. Кеңес өкіметінің Орта Азия республикаларының этникалық территориялық шекарасын айқындау, бөлу нәтижесі қазақтарды қанағаттандырмады. Сондықтан да олардың өздері тұрған аумақты Қазақстан иелігіне беруді өтінген арыз, талап тілектері көп болды. Мәселен, Ташкент уезінің олат, Зеңгіата, Ниазбек болыстықтары төңірегінде дау болды. Себебі, Ташкент қаласында негізінен өзбектер тұрғаныменде, қаланы жоғарыда аталған үш болыстық: солтүстік шығысында Ниазбек болыстығы, батысын Болат болыстығы, Оңтүстігін Зеңгіата болыстығы қоршады. Бұл үш болыстықта Шыршық өзенінің батысына қарай жатса, шығысында Шыршықтың арғы бетіндегі Ташкентке қарай күрішті аудандарды құрайтын алты отырықшы қазақ болыстықтары орналасқан. Қазақстан республикасына өткен өзбектер мен олар мекендеген шұрайлы жерлердің төлемі ретінде жоғарыдағы 6 отырықшы қазақ болыстықтары Өзбекстан территориясына енгізіледі (ӨРОМА, 454:20-24). Міне, осы аудандардағы қазақтар Шыршық өңіріндегі жоғарыдағы болыстықтармен қосып Ташкент қаласын да Қазақстанға қосуды талап етті. Ақиқатында да ел арасынан жиналған материалдарға қарағанда, соғысқа дейін Ташкент аумағында өзбек қоныстарына қарағанда қазақ елді-мекендерінің көп болған. Тарату комиссиясы (Ликвидком) мен ОКРКП (ЦКРКП Орталық Азия елдері бюросының арнаулы комиссиясы қараған осы үш болыстықтың төңірегіндегі дау-дамай Ташкенттің оңтүстігіне қарай Шыршық болыстықтарының арғы жағындағы Өзбекстанға өткен қазақтар бірыңғай қоныстанған (59200 адамы бар) алғашқы станция - Қауыншы тағдырына байланысты болды. Бұл станция қазақтардың селолық қауымдастығында болатын. Егер станцияны қазақтарға яғни Қазақстанға берсе, жалғыз темір жол магистралі бойынша өзбек территориясынан Ташкент бөлініп қалар еді. Ал, Холдарма селолық қауымдастығы Қазақстан территориясын Шыршықтың арғы бетіндегі болыстықтармен байланыстыратын дәліз болар еді. Қазақтар осы станцияны алу арқылы Ташкент уезі қазақтарын біріктіретін ірі Орталық Қауыншы уезін құруды көздеді. Осы жағдайлардың барлығын зерттей отырып, комиссия мүшелері мынандай тұжырым жасады. Егер бұл станция қазақтарға берілсе, Ташкент барлық жағынан Қазақстан территориясымен қоршалады. Сөйтіп, Ташкент қаласының өзі Қазақстан республикасына қосылу мәселесіне, не еркін қала болып жариялануы күн тәртібіне кезекке қойылады да, осы уақытқа дейінгі шекараны белгілеу бойынша істелінген ұзақта әрі күрделі жұмыстар қайта қаралады. Сондықтан Қауыншы станциясын Қазақстанға беру Өзбекстан үшін де саяси да экономикалық жағынан да тиімсіз деп саналды (ӨРОМА, 454:20-24).

1925 ж. 17 наурызда Орта Азия елдері комиссиясы президиумы мәжілісінде қаралған

10 версткалық картадағы әкімшілік-бөліну тізімі қосымшасында Орта Азия елдерінің шекарасы дәлелденіп, бекітілді (ӨРОМА, 706:63-74,105-106).

1925 ж. 17 наурыздағы Орта Азия елдерінің Тарату комитеті комиссиясы президиумы шешімімен, КСРО-ның Орталық Атқару комитеті мәжілісінің № 11 хаттамасымен, 1925 ж. 5 маусымда КСРО-ның Орталық Атқару комитетінің президиумы бекіткен қаулысымен Ташкент уезінің үш даулы ауданы Шурахан уезі мәселесі былай шешіледі: 1. Зеңгіата болыстығымен барлық елді-мекендері суландыру иеліктерімен Қауыншы, Халдарма селолық қауымымен ӨзКСР-на (Өзбекстан Кеңестік Социалистік Республикасына) кіреді. 2. Өзбекстанға Болат болыстығынан Кенсай, селолық қауымдастығы түгелімен (Хиован, Чуваши, Яуелді-мекендері) ал Көктерек базары Қазақстанға қалады. 3. Ниязбек болыстығы түгелімен дерлік Өзбекстанға кіреді деп шешілді.

17 наурызда 1925 ж. Орта Азия елдері мен облыстарынан өкілдер қатысқан Орта Азия елдерінің Тарату комиссиясы (Средазликвидком) бекіткен шекара межелеу жұмыстарының көптеген пункттеріне, оның ішінде РФКСР (РСФСР), ТКСР (Түркмения Кеңестік Социалистік Республикасы) және ӨзКСР (УзССР) шекараларына байланысты республикалар мен облыстардан 50-ге тарта шекараны қайта қарау шағым қағаздары түсті. Соның бірі тағы да жоғарыдағы үш болыстыққа, оның Аққабак, Тройцкое, Ниязбек селолық қауымдастығы мен Ташкент темір жолының Келес станциясына, Мырзашөл уезінің Сырдария шаруа болыстықтарына да қатысты болды. 10 IX—1926 ж. КСРО-ның Орталық Атқару комитетінің шешімімен бұл өтінішті де қабылдамады.

Осы тығырықтан шығудағы комиссияның әртүрлі шаралары яғни шекараны шартты түрде белгілеу екі жақ Өзбекстан мен Қазақстан тарапынан да сондай ақ саяси жағынан да тиімді емес еді. Мұндай жағдайларда шекара тек қана болыстықтарды ғана емес, селолық қауымдастықтармен кейбір қишлоқтардың үй-жай, саяжай жерлерін де бөлшектейді. Тәжірибеде мұндай межелеулер шексіз соқтығыстарға әкеліп соғады делінді. Осындай пікірлерден кейін мынандай шешімдер қабылданады. Олар: 1925 ж. 24 шілдедегі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Орталық атқару комитеті Президиумы шешімімен Ташкент қаласы, оған қоса қала маңындағы барлық болыстықтар, Ниязбек болыстығы түгелімен, Ниязбек болыстығының солтүстік-шығыс селолық қауымдастығы, Тройцк, Кенсай елді-мекендері Болат, Зеңгіата болыстығы өзіне қарайтын барлық қоныстарымен пайдаланатын жер, суландыру иеліктерімен Қауыншы және Халдарма селолық қауымдастығымен түгелдей үзілді-кесілді Өзбек КСР-не берілсін (ӨРОМА, 454:20-24). Міне бұл жерде де, қазақтар басым тұрған (Ниязбек, Болат, Зеңгіата және Ташкентті қоршаған 6 болыс) болыстықтардан басқа бір ғана 60 мың қазақ мекендеген Қауыншы станциясы да Өзбекстан республикасының құрамына енді. Әрине бұл жерде де Өзбекстандағы қазақтардың саны арта түсті. Мәселен, бір ғана Ниязбек болыстығынан (6265 қожалығы бар) Қазақстанға 1217 қожалық өтіп, оның 919 қазақ болса, Өзбек КСР-не 5048 қожалық еніп, оның 987 қазақ қожалығын құрады (ӨРОМА, 704:18-21). Келтірілген деректерге қарағанда өзбектердің қазақтарға кеткен қожалығымен (саны-919) салыстырғанда қазақтардың өзбектерге кеткен қожалығы (987 қожалық), 68 қожалыққа көп.

Даулы аймақтың бірі Болат болыстығы., ондағы қожалықтың жалпы саны-7273 оның ішінде 2803 өзбек, 4464 қазақ, 6 орыс. 7273 қожалықтың 4826 қожалығы (3968 қазақ, 858 өзбек) Қазақстанға, 2447 қожалық Өзбекстанға (оның 1730 өзбек, 717-қазақ) өтті (ӨРОМА, 704:18-21). Зеңгіата болыстығы бойынша 6939 қожалықтың 4169 өзбек, 2650 қазақ, 120 орыс болды. 6939 қожалықтан Қазақстанға кеткені-2985, оның 1783 қазақ, 1082 өзбек, 120 орыс, Өзбекстанға өткен 3954 қожалықтың 3097 өзбек, 857 қазақ (ӨРОМА, 706:63-74,105-106). Көрсетілген осы үш болыстықтың өзінен 2561 қазақ қожалығы Өзбекстан аумағына енеді. Осы жерде айта кету керек, жоғарыдағы даудамайды барынша Қазақстанның мүддесіне шешуге тырысқан сталиндік қуғын сүргіннің құрбанына айналған С. Ходжанов, С. Асфендияров т.б. қайраткерлердің еңбектері зор. Мәселен, осы 3 болыстық бойынша 20477 барлық қожалықтың 10547-і өзбек, 9020-і қазақ, 810-і орыс, қожалық санына еңбегені- 100 болды. Осы бойынша комиссия мүшесі С. Манжара ұсынған межелеуде Өзбекстанға өзбектердің 8790, қазақтардың 3718 қожалығы, Қазақстанға қазақтардың 3638, өзбектердің 1880 қожалығы енеді делінген мәлімдемесіне (ӨРОМА, 704:18-21). С. Асфендияров, Қазақстанға өзбектердің 2012 қожалығы, Өзбекстанға қазақтардың-2561 қожалығы қалатын қарсы жобаны яғни,

Өзбекстанға өтетін қазақтардың қожалығын 1157 қожалыққа азайтып ұсынады (ӨРОМА, 721:314-315, 349-356). Нәтижеде С. Асфендияровтың ұсынысы өтіп, Манжараның ұсынған 3718 қазақ қожалығы емес, 2561 қожалығы өтеді.

Сонымен, Орта Азия елдерінің шекараларын межелеу жұмысына қатысты Петровскийдің төрағалығындағы КСРО-ның Орталық атқару комитеті комиссиясының жұмысы 1926 ж. 27 наурызда өз жұмысын аяқтады. Межелеу нәтижесінде Өзбекстан республикасы Жызак, Қаттақорған облыстарының және Ходжент уездерінің - 41 елді-мекенінен, Ташкент және Мырзашөл уездерінің-24, Әндіжан, Қоқан, Наманган, Ферғана уездерінің-70 болыстығымен, 7 селолық қауымдастығынан құралады. Ал, Ташкент уезінің - 9, Мырзашөл уезінің - 2, Самарқанд облысы Жызак уезінің 6 көшпелі болыстығы Қазақстанға енді. Олар қазақтар шоғырланған әрі қазіргі Өзбекстанмен шекаралас аймақтардағы қазақ елді мекендері еді. Дегенмен де (қазіргі Өзбекстандағы миллионға жуық кейбір мәліметтерде 1,5 млн.) қазақтардың біршама бөлігі жоғарыдағы даулы аудандарда өзбек халқымен бірге қоян-қолтық өмір сүруде.

1929 ж. 6 сәуірде ұлттық- мемлекеттік межелеу ӨзКСР-і ОАК Президиумы мәжілісінде аз санды ұлттардың және аралас аудандардың мәселелерін қарап, мына аудандарда аз санды ұлттардың бар екендігін, оның ішінде қазақтар Ташкенттің Жоғары Шыршық ауданында 82 % қазақ, Ташкенттің Ангрен округінде- Құрамада (72,3%), Кенимех жеке ауданы – Қазақ-қарақалпақ (41,7% қазақтар, 26,2 % қарақалпақ), 2. Аралас аудандар: Ташкенттің Орта Шыршық ауданы - қазақ-өзбек (44,4 % қазақ, 33,8 % өзбек) халықтары өмір сүрді (ӨРОМА, 5266:6). Осы көрсетілген аумақтағы қазақтар Өзбекстанның ертеден келе жатқан «ирредент» тобын құрайды.

1924 ж. Ферғана облысының Өзбекстанға өтуімен бірге ауыл халқының 8 пайызын құрайтын 90 мың қырғыз-қазақтың енуі де қазақтардың Ферғана облысындағы санын толықтырды. (Бұл аймақта негізінен қырғыздар болғанмен, қазақтардың да өмір сүргендігін келесі бөлімдегі статистикалық мәліметтерден байқаймыз). Мұнан басқа мыңдаған қырғыз-қазақ отбасы 1920 жылдан 1924 жылға дейін Шөл-дала (Мырзашөл) ауданына еңбек миграциясымен барғандығын архив құжаттары дәлелдейді. Онда былай деп жазылған: «Хорезм қазақтары мен қарақалпақтары Хорезм облысының солтүстік батыс бөлігіне (“шуро” Хтай мен Қыпшақ топтары) жылжыды. Ал, Қызылқұм қазақтары Қаракөл және Бұхара оазистеріне тиіп жатқан далалы аудандарға жылжыды. Сөйтіп, қазақтар біртіндеп өзінің көші-қонымен орталық далаға (Қаршыға), Орталық Бұхараға, Байсын ауданындағы бос жайылым кеңістіктерге, тіпті Оңтүстік Тәжікстандағы Қорған төбе уәлаяты жерлеріне дейін жетті. Қазақтардың осы аудандарға таралуы бір жағынан жайылым жерлердің сапасымен байланысты болса, екінші жағынан оазистерге тиіп жатқан кәсіпорындарға жалдануға құлшыныстың артуы еді. Сонымен бірге қандай да болмасын ирригациялық не темір жол құрылыстарында бүкіл ауыл-аймағымен, мал-жанымен келген қазақтарды көруге болады» (ӨРОМА, 721: 349-356). Мұнда қазақтардың Орта Азия елдеріне таралуын көрсетсе, осы құжатта онан әрі мынандай мәліметтер беріледі: «Орталық Бұхарадағы 86 мың қоңыраттың 70 мыңы көшпелі қазақтар сияқты, олардың қысқы тұрағы далада, көктем мен жазда ауыл болып малдарымен тау биіктеріне, кейде Альпі жайылымына дейін шығып кетеді. Бұлардан басқа 6,5 мың сарай (белгісіз ру-К.Б.), 5,5 мың қатаған, 1 мыңнан аса юз, барлық көшпелі өзбектер саны 90 мыңға жетеді»,- деп көрсетеді (ӨРОМА, 721:349-356). Бұл құжатта да қазақтардың Бұхара аумағында да мекен еткендігін көрсетеді. Оны келесі құжат дәлелдей түседі, онда БКХР - Керменин, Нұрата және Қаршы уәлаяттарында қазақтардың тұратындығы, оның ішінде Керменин уәлаятында – 160 мың, Қаршыда 100 – мың, Гузарда – 100 мың, Бұхарада – 80 мың, Нұратада – 5 мың қазақтың бар екендігі көрсетілген (ӨРОМА, 670:7).

Өзбекстандағы қазақтардың қалыптасуындағы келесі бір саяси әлеуметтік фактор ол ұжымдастыру, ашаршылық және саяси қуғын сүргін. Мәселен, Шыршық қаласы мен Бостандық ауданындағы, Ангрен, Ахангаран аумағын мекендеген орта жүз қазақтары (бүгінде олардың негізгі бөлігі тарихи Отанға оралған) 1931-1933 жж. ашаршылық жылдары келгендігін айтады. Ашаршылықтан аман қалуды ойлаған олар Өзбекстанға келген. Олар сонау Қоқан, Марғұлан қалалары мен Ташкент аралығында кірешілікпен (1-2 түйемен жүк тасу) айналысып, күн көргендігін айтады. Бұл жылдары келген қазақтар жергілікті халықтан бөлек қоныстанды.

Өзбекстандағы қазақ санының көбеюінің тағы бір себебі, Өзбекстанның жерін кеңейтуге байланысты ұйымдастырған іс-әрекеттері еді. 1930 жылдары Өзбекстан

басшылары өзбек – қазақ шекарасын анықтау жөніндегі мәселені тағы да көтеріп, келісімсіз КСРО (СССР) БОАК-не тікелей кепілдеме жазып, Қазақстанмен шекаралас аудандары Бостандық ауданын Өзбекстанның иелігіне беруді сұрайды. Оған әрине Қазақстан басшылары да үзілді-кесілді қарсы шығып, Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Е. Ерназаров, 1934 жылы КСРО БОАК-нің төрағасы М.И. Калининге хат жолдап, өздерінің қарсылығын білдіреді. Бұл жолы КСРО БОАК президиумының әкімшілік комиссиясы да аталған аймақта қазақтардың басым тұратындығын айтады, бірақ ұсынысты қабылдамайды (Правда о государственной границе, 2006:228).

Өзбекстан тарапынан Қазақстаннан жер сұрау онан кейін де тоқтаған жоқ. 1942 жылы Өзбекстан өкіметі Қазақстан мемлекетіне кепілдеме жазып, Қазақстанның Сарыағаш ауданы, Ташкенттің Солтүстік каналымен суландырылуына байланысты оның 34.000 га жерін беруді сұрайды. Қазақстан өкіметі бұл тілекті ішінара қанағаттандырып, шекараны өзгеріссіз 3 жыл мерзімге 6.397 га. Жерді беруге келіседі. Көрсетілген 6.397 га жер мына иеліктерден құралады: 1) Сарыағаш ауданының 1 май, Құрама колхоздарының жер иелігіндегі жерлерден 2051 га, 2) Келес ауданының 4.346 га. Жері, олар мына колхоздар иелігіндегі жерлер : Бірлесу-145 га., К. Маркс-920 га., Ворошилов-670 га., Унтустык-335 га., Қызыл-Әскер 636 га., және ГЗФ – 1640 гектардан құрылды (ӨРОМА, 248:31-39). Бұл жерлердің кейін қайтарылғандығы жөнінде мәліметтер жоқ. Осы сияқты 1947 жылы тағы да Ташкент қаласы мен осы облыстағы өнеркәсіптерге Қазақ КСР-нен Ташкенттің солтүстік каналы бойы күшімен суландырылған жерлер Өзбекстанға уақытша берілгендігін мына құжаттан көруге болады (ӨРОМА, 248:31-39).

Көрсетілген бұл жерлердің де Өзбекстанның иелігінде қалғандығын мына архив құжаты дәлелдейді. Онда: «1947 жылы Ташкент қаласының өнеркәсіп кәсіпорындарына Солтүстік Ташкент каналы бойындағы жерлерді бекітіп беру туралы Өзбекстан КСР-нің Министрлер Кеңесінің қаулысы: 1. Ташкент қаласының өнеркәсіп кәсіпорындарына №1-1089 қосымшаға сәйкес Жанажол ауданы мен Ташкенттің ауылдық жерінің жер құрамынан колхоздарға мемлекеттік актімен бекітілген, бірақ колхоздар пайдаланбаған, ол жерлерді 1942 жылдан бері өнеркәсіп кәсіпорындары күшімен, құралымен суландырылған жерлер өнеркәсіптерге бекітілсін. 2. 1947 жылғы қаулының №2 қосымшасына сәйкес Қазақстаннан Өзбекстанға уақытша берілген қазіргі кезеңде Өзбекстан республикасының күшімен суландырылған 843 га. жер Өзбекстанға қалдырылсын. Өзбекстан КСР Министрлер Кеңесінің төраға орынбасары П. Кабанов қол қойған (ӨРОМА, 248:31-39). Яғни, бұл жерлердегі халықтардың да үлкен бір бөлігін қазақтар құраған бұл жер қазіргі кезеңде Өзбекстан территориясы әкімшілік бірлігіне қарайды. Мәселен, Өзбекстанның мақталы аудандары ұлттық межеленуге дейін ақ көршілес көшпелі жерлердегі кедейленген қазақтардың тартылатын ірі орталықтарына айналды.

Қазақтардың Қырғызстанға қоныстануының бір себебі, XIX ғасырдың аяғындағы әлеуметтік факторлармен байланысты болды. Осы кезеңде қазақтар Қарағандының Шет, Қарқара аумағынан ашаршылықтан және малдың жайылымына қарай 10-15 үйден жақын туысқандар бірнеше мезгіл Қырғызстанға жылжыған (Әбдібаев Кәсен, 2001). Міне, сол Қырғызстандағы қазақтардың бір тобы әлеуметтік-экономикалық жағдаймен келіп тұрақтап қалғандар болса, енді бір тобы Қытайға өте алмай қалғандар, ендігі бір тобы ол жаққа өтіп, кейін ел тыныштала бастағанда мемлекет көмегімен туған жерге қайта оралу жолында Қазақстанға қайтқысы келмей Қырғызстанда қалып қойғандарды құрайды. Сондай ақ, 1916 жылғы көтеріліс, Қазан төңкерісі, ұжымдастыру, ашаршылық және саяси қуғын сүргінмен Алматы облысы аумағынан келгендер де бар. 1916 жылғы елдегі оқиғалар қазақ, қырғыздың жаппай шетелдерге, көршілес елдерге оның ішінде Қытай мемлекетіне қашуына мәжбүр еткендігі мына архив материалында: «...Қаракөл уезінің барлығы, Нарыннан 5 болыстықтың жартысынан астамы, Пішпек уезінен Сарыбағыш болыстығы және көрші Шансы және Тыковскі халқының үлкен бөлігі Қытайға қашты. Сондай ақ Алматы, Жаркент, Лепсі және Қапал уезінен де көптеген қазақтар ауды. 1916 ж оқиға зардабынан қашқан адам саны шамамен 100 мыңға жеткен», - деп көрсетеді (ҚырРОМА, 27:135-137). Яғни, бұл жағдайда қазақтардың шет жерлерге ығуына ықпал еткен бір саяси оқиға деуге болады. Сол сияқты Кеңес өкіметінен, яғни 1917-1918 жж. партизандардың қызыл отрядтары террорынан, дүние мүлкін алып қояды деген қауіппен, тағы да халықтардың Қытайға қашуы кең етек алды. Қытай елінде қазақтардың жағдайы өте ауыр болды. Уәкіл Салтанаевтың есебі бойынша

600 адам бір үзім нанға баласын, әйелін сатқан. Әртүрлі қарызды мойынға ілгендер саны- 500 дей болған. Қытайларды дүнген мұсылмандар деп, көп әйелдер күйеуге шықты, ал кейін алданғанын біліп, олардан кетемін деген әйелдердің тілін кесті. Тіпті олармен бірге еріп келген жас қыздарын әйелдікке алды. Кейбіреулерін жезөкше үйлерінде ұстады», - деп көрсетеді (ҚырРОМА, 27:135-137). Міне, Кеңес өкіметінің басында ақ, оларды қайтарып алуға Кеңес өкіметінен көмек сұралып, оған ақша бөлінеді (ӨРОМА, 335:32-38). Соның нәтижесінде олардың елге оралуы 1917 ж., әсіресе 1921-1922 жж. жер реформасына байланысты біршама тез әрі бірнеше жылдар жүрді. Осы кезеңдерде де елге қайтқысы келмеген қазақтардың 2300 қожалығы Қырғызстанда қалып қойды. Олардың ұрпақтары бүгінде Бішкектің төңірегінде, Ыстықкөлде тұрақтаған. 2000-2001 жж. Қырғызстандағы қазақтар арасынан жиналған деректерде бірнеше ақпарат берушілер өздерінің Қытайдан оралу жолында елде жазалауға ұшырауы мүмкін деген қауіптен аталған аймақтарда қалып қойғандығын оның үстіне қырғыздардың бай, манаптары алдымызға мал, жер беріп көп көмек жасағандығын олардан көп жақсылық көргенін еске алады (Қалиев Бұғыбай, 2002).

Қазақтардың Қырғызстанда қалыптасуының ендігі бір саяси факторы 1924-1926 жж. Орта Азия республикаларының этникалық-территориясын межелеумен байланысты. Қырғызстан республикасы алғашқыда Қырғызстан автономиялы облысы болып құрылғандығы белгілі. Осы кезеңде құрылған Қырғызстан автономиялы облысы халқының саны барлығы - 798770 адам болса, оның 505775 - қырғыздар, 123133-өзбектер, 14324-қазақтар, 135892 - орыстар және 19646 басқа халықтар болды (Қалшабаева, 2011:64). Бірақ бұл кезеңдегі мәліметтер әр деректе әртүрлі болып кездеседі. Мәселен, жоғарыда сол кезеңдегі Қырғызстанның барлық халқы 798770 деп көрсетілсе, Облыстық статбюроның мәліметінде - 834000 деген дерек беріледі (Вся Средняя Азия, 1926:654). Берілген мәліметтерден байқағанымыз Қырғызстанда қазақтар санының басқа көршілес республикалармен салыстырғанда аз екендігін байқатады. Қазақстан мен Қырғызстан шекараларын межелеудің әсіресе Әулиеата территориясы иелігіндегі шекараны анықтаудың бірнеше нұсқасы болды. Осыған байланысты мына архив құжатында: «Құрамында К. Абдрахманов, И. Зулфибаев, А. Сенгибаев, А. Иманов және Т. Жүргеновтер бар комиссия 1924 жылы 2 қарашадағы хаттамамен шекараны бекітеді (ҚырРОМА, 116:62-68). Бірақ бұл белгіленген шекаралық аймақтар кейін тағы да қаралып, территорияны бөлу комиссиясының төрағасы Н.И. Зеленскийдің басшылығымен екі жақта шекараны нақтылап, бекітеді. Қазақстан өкіметі тарапынан Сырдария, Жетісу облыстарына сарапшы болып С. Мендешов, С. Қожанов, А. Сергазиев, Т. Жүргеновтер қатысады. Бірақ, екі жақ келісіп, шекара бекітілсе де, шекараларға, әсіресе жайлауларға қатысты қазақтар тарапынан қайта қарау жөнінде ұсыныстар түседі. Мәселен, Сусамыр, Қанжайлау, Қарқара, Көкойрақ, т.б. жайлауларға байланысты шекараларды нақтылау үшін Қырғызстанға Қазақстаннан Н.Бураев келеді. 1925 ж. 17 наурызда Орта Азия Ликвидкомының шешімімен аталған жайылымдар Қазақстан мен Қырғызстан халықтарының ортақ иелігінде қалады да, пайдалану барысында өзара келісім шарт жасалынуы мүмкін деп көрсетеді (ӨРОМА, 706:63-74,105-106). Екі елге жайлауларды ортақ иелену 1930 жылға дейін жалғасқан.1926 жылы 27 қыркүйекте БОАК-нің (ВЦИК) төрағасы М. Калинин, БОАК-нің хатшысының қызметін атқарушы С. Асфендиаров қол қойған мына құжатта: «Сусамыр, Қырық Айрек, Шелек, Қарқара жайлаулары Қазақ АКСР мен Қырғыз АО. малшыларының жалпы иелігінде қалдырылады. Екі халықтың бірдей жайлауды пайдалануын қадағалау және малдың екі асудан өтуін реттеу үшін Қазақстан АКСР-нен де өкіл кіргізіп, екі жақтың басқару мекемесін ұйымдастыру керек», - деп көрсетілген (ҚырРОМА, 5:25,92). Дегенмен де 3 мамыр 1927 жылғы Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің шешімімен Сусамыр және т.б. жайылымдар Қырғызстанға енеді.

1928 жылы 21 ақпанда шекараларды нақтылау келісім комиссиясы Фрунзе қаласында мәжіліс өткізіп, оған Қазақстан өкіметі тарапынан өкіл болып, С. Арынғазынов, Әулиеата жер бөлушісі (землеустройтель) К. Бердышев қатысады. Комиссия төрағасы Шнейдер мен С. Арынғазынов Қазақстанмен Қырғызстан арасындағы Қанжайлау шатқалына байланысты шекараны дәл қазір анықтап шеше алмайтындықтарын мәлімдеді. Себебі, бұл кезеңде осы жайлауларды не қазақтың, не қырғыздың иеленіп отырғандығы (қыс мерзіміне байланысты) жөнінде нақты мағлұмат жоқ болатын. Сондықтан 1 мамырға дейін бұл мәселені ашық қалдырып, оны 1928 жылдың 1 маусымына дейін шешуді Қырғызстан тарапынан Чукинге, Қазақстаннан өкіл К. Бердышевке жүктейді.

С Арынгазынов Грозное селосы шекарасына байланысты да мәселе көтеріп, егер сол белгіленген шекарада қалдыратын болса, көші-қон кезеңінде қазақтарға малдарын жаятын орынның болмайтындығын айтады. Келісім нәтижесінде шекара Грозное селосының оңтүстігіне дейін келіп, батысқа қарай Қырғызстан жыртпалы жерінен 100 сажындық арақашықтықта өтеді. Ал, Бешағаш, Гродеково елді мекендері Қырғызстаннан қайта Қазақстанға беріледі. Оған келісім комиссиясының төрағасы Шнейдер, Қазақстан өкіметі өкілінен С Арынгазынов, Қырғызстаннан Тоқбаев қол қояды (ҚырРОМА, 26:40). Ал, Қанжайлауға байланысты 1926 ж. 27 қыркүйек (№ 73 Хаттама §21) және 1928 ж. 28 шілде (№67 Хаттама §26) Бүкіл Одақтық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы шешімі дұрыс, Қазақстанның осы шатқалға байланысты өтініші негізсіз делінеді (ҚырРОМА, 26:40). Аталған жайлауларда қырғыздармен қоса қазақтардың да иеленгендігін еске алсақ, онда жайлаумен қоса қазақтарда Қырғызстанға өткендігін жоққа шығара алмаймыз. Қазақстанмен Қырғызстан автономиялы облысы аралығында шекараны межелеуге қатысты архив құжатында: «Орталық Азия елдерін таратушы комитет (Средазликвидком) Пленумы бекіткен қазақтармен қырғыздар арасындағы шекара ең алдымен қазақтардың мүддесін толығымен қанағаттандырады. Қазақтар басым бірде-бір елді мекендер Қырғыз автономиялы облысына енген жоқ. 1920 ж. санақ бойынша Талас аумағының Үшқорған болыстығының 9 елді мекенінің 5-і өзбек, 2-і дұнған, 1-і татар және 1 шалақазақ болды», - деп көрсетеді (ӨРОМА, 706:63-74,105-106). Бұл көрсеткіш қазақтар үшін ұтымды бөлінгендігін байқатады. Дегенмен де қазақтардың өздерін Қырғызстанда қалдыру жөніндегі өтініштердің болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, Атбашы бөлімшесінің 42 арғын-қазақ отбасының өтінішінде: «Біздер 40 жыл бұрын Ақмола және Қарқара уездерінен Пішпек уезінің Атбашы бөлімшесіне малшы, жалшы болып келіп, орныққанбыз. Жер кодексінің мағынасына қарай жерді кім өндесе, өндеген адам сол жерді иелену керек. Біз осы бөлімшеден ешжәкқа көшіп-қонбай иеленудеміз. Сондықтан бізді осы жерге қалдырып, бұл жерді Қырғызстан автономиялы облысына қосуды өтінеміз», - деп жазады (ҚырРОМА, 6:69,71-72,102-102а). Шекараны бөлу кезеңінде бұл арғын селосы негізінен Қазақ АКСР-нің Георгиевск аудандық атқару комитетіне қараған болатын. Бірақ арғын елінің 42 отбасы өздерін Қырғызстанға қосып, солардың азаматтығына өтуді және несие беруді сұраған. Олардың 1929 ж. 25 наурыз - 23 сәуірде өздерін Қырғызстанда қалдыру жөнінде жазылған өтініштеріне орай 1929 ж. 3 тамыздағы Қырғызстан халықтық жер комиссариатының №1598 бұйрығымен және 1929 ж. 10 маусымдағы Қырғызстан халық комиссариаты Кеңесінің шешімімен «Көктеу», «күзеу» бөлімшесінде жер бөлу жүргізіліп, қауымның нағыз пайдаланған жері сол шешіммен Шу Кендір совхозына беріледі. 1929 ж. 16 қыркүйекте Халықтық жер комиссариатының жер бөлуші бөлімінің № 48 - 21003 шешімімен өтініш иелері «көктеу» «күзеуге» орналастырылады. Арғын ауылының азаматтары өздерінен алынған жерге қарсылық білдірмейді, қайта Қырғыз территориясының жерімен өтеуді сұрайды.

Сонымен комиссия мынадай шешім қабылдады.

1) Қазір Кендір совхозына қарайтын бұрынғы Арғын бөлімшесін Қырғызстан АКСР-не бекіту;

2) Арғын бөлімшесіндегі 42 қожалықты адам санымен түгел Қазақстаннан Қырғызстанға өткізу және өздерінің өтінішіне орай, әкімшілік жағынан Аламеддин ауданына бекіту;

3) Ұзақ мерзімге несие беру және БОАК-нің 16 шілде 1926 ж. № 52 қаулысына орай әл ауқаты төмен еңбекші халықтарға жер бөлуде көмек пен жеңілдіктер беру керек деп шешті (ҚырРОМА, 6:71-72,102-102а). Көріп отырғанымыздай, 42 отбасы яғни әр отбасында 5 адам десек, 200-ге тарта қазақтар Қырғызстан республикасындағы қазақ санын көбейтті. Сонымен Қазақстан мен Қырғызстанның этникалық территориялық шекараларын межелеу барысы 1924 жылдан 1929 жылға дейін жүргізіліп, даулы жайлаулар Сусамыр, Қанжайлау, Қарқара т.б. қазақ пен қырғыздың ежелден қатар еншілескен жайлауларына қарамастан Қырғызстанның пайдасына шешіліп отырды. Оған бір жағынан даулы территориялардағы халық есебі қыс мезгілдерінде жүргізілуіне байланысты қазақтардың болмауы болса, екінші жағынан бұл аймақтардың қазақтар шоғырланған жерлерден шалғайлау болуы деп айтуға болады (ҚырРОМА, 26:40). Осындай жағдайларға байланысты 1926 жылдарда Қырғызстан территориясында 14324 қазақ саны көрсетілсе, 1927 ж. мамырда Қырғызстанда 1766 қазақ болғандығын архив құжаты көрсетеді (ҚырРОМА, 105:6). Дегенменде Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы

этникалық-мемлекеттік территорияны межелеудің Өзбекстан Қазақстан шекарасын белгілеумен салыстырғанда екі жаққа да оң, әрі тиімді жүргізілгендігін көрсетсе керек.

Ал, енді Түркіменстан және Қарақалпақстандағы қазақтардың қалыптасуына келетін болсақ, олардың да бір бөлегі ертеден ата-баба жерінде отырса, ендігі бір тобы сол этникалық территорияны межелеумен байланысты. Орталық Азия елдерінің қазақтарындағы әкімшілік жүйенің ерекшелігі әрбір болыстық бір ру атынан құрылды. Мәселен, Ұлысай болыстығы табын руының 3000 қожалығынан, сондай ақ тама, курке руларынан тұратын 4 әкімшілік ауыл және 2 болыстықтан тұрды. Барлығы көшпелі мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысты. Қыста Үстірттің оңтүстігі Қортпай сор, Қосбұлақ, Бессексеуіл, Бесқала, Білеулі аудандарын мекендеді. Екінші адай болыстығы Қоңырат жақта шегелі руының 785 қожалығынан құралса, үшінші адай болыстығы 9 әкімшілік ауылдан, 1078 қожалықтан тұрып, Хиуа Қоңыратқа дейінгі жерлерді алып жатты. Оның Хиуа қаласында 10 қожалығы, 12 отырықшы қожалығы болды. 1920 жылға дейін Красноводск уезіне қараған 6 - шы адай болыстығы осы жылдан Адай уезіне еніп, қожалық саны 1000 - ға дейін жететін 5 әкімшілік ауылдан тұрды. Мұнан басқа адайлардың 200 қожалығы Красноводск уезінде тұрақты мекендеді. 7 - ші Адай болыстығындағы 5 әкімшілік ауылдың 773 қожалығы Красноводск уезінің бір шетіне дейін жетеді. Мұнда негізінен Сүйіндік, Қосай рулары тұрды. 1920 ж. барлық қожалықтың 68% Қоңыратта көшіп қонып жүрді (АН СССР Материалы комиссия, 1928:220). Сонымен күжаттан көріп отырғанымыздай, Түркменстан, Қарақалпақстанмен шекаралас және осы елдер иелігі территориясы аумағында мекен еткен 2, 5, 7 адай болыстықтарындағы қазақтардың осы аймақтарда тұрақтауын көрсетеді. Дегенмен де қазақтардың ертеден жаз жайлауы, қыс қыстауы еткен аймақтарға деген көшіп-қонуы қазақтармен түркмен халқына шекараны нақтылауды қажет етті. Мәселен, 1921 ж. 1-9 тамызда Красноводск қаласында өткен 2-ші казак, иомуд (түрікмен) делегаттары мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан мен Түркіменстан республикаларының шекарасын айқындау. Шекараны анықтауда Қырғыз республикасы (қазақ-К.Б.) мен Түркістан республикасы мынандай шешім қабылдады: құдықтан құдыққа көшуге тиым салынғанмен, бір уезден екінші уезге көшуге тиым салынбайды және көшерде уездік өкімет орындарынан рұқсат алу, т.с.с көрсетіледі (ӨРОМА, 9:39-41,45). Сөйтіп, осы жылдары екі халық арасындағы дау-жанжалды реттеу барысында оңтайлы шешімдер қабылданды. Осы кезеңдерде қазақтардың қоныстарының көбеюі жөнінде: «Полторацк округінің Қарабұғаз шығанағы аймағында бұрынғы Маңқыстау уезінен оңтүстікке ондаған жылдар бойы біртіндеп жылжыған қазақ қырғыздарды көруге болады. 1917 ж. қазақтардың біраз тобы Красноводскінің өзіне қоныстана отырып, одан ары қарай шығысқа Орта Азияның темір жолын бойлай орналасады. 1930 ж. түрікмен өкіметі мен адай ревкомының арасында келісім жасалып, қазақтардың оңтүстікке қарай жылжуына шек қояды. Себебі, Красноводскінің солтүстік шекара аудандарында екі халықтың арасында үнемі қақтығыстар болып тұрды. (ӨРОМА, 721:314-315, 349-356). Көрсетілген деректер қазақтардың түркімен аумағында қоныстанғанын көрсетеді. Дегенмен де екі ел арасында шекараға байланысты дау-дамай көп кездеспейді. Сондай ақ, Қарақалпақстан мен Түркіменстандағы қазақтардың да бір бөлігі ашаршылық жылдары келгендерді құрайды. Қуан Тілектестің айтуына қарағанда оның нағашы жұрты Түркіменстанға 1932 ж. Ақтөбе жақтан келеді, оның бір тобы Иранға өтеді де қалған бір бөлігі Түркіменстанда қалып қояды. Сондықтан да оның шешесі Иранға өткен төркінін сол күйі көрмей кетті дейді (Тілектес Қуан, 2001). Сол сияқты 1929-1930 жж. ұжымдастыру, 1932 ж. ашаршылық кезеңінде Маңқыстаудың Бейнеу ауданынан Түркіменстанның Тахта ауданына 30 үй көшкендігі жөнінде Нұрғалиев Абат ақсақал әңгімелейді. Ұжымдастыру кезінде Түркіменстанға 22 түйе, 4 атпен барғанымызда малымызды 2 күнде талап кетті, дейді ол. Олар туысқан 5 қожалықпен көшкен, олардың отбасында 15 адам болған. Ал, 1937 ж. бай, құлақ дей берген соң Өзбекстанның Шабад ауданына көшіп келіп отын тасумен айналысады, ал 1947 жылы қайтадан Ташауызға келеді (Нұрғалиев Абат, 2002).

Тәжікстандағы қазақтардың да қоныстану тарихы көбіне ұжымдастырумен байланысты. Себебі, ел арасынан жинаған деректерде олар 1928 ж. Өзбекстанның Газли (Бұхара) деген жеріне келеді, ол жерді орыстар алған соң (кенес өкіметі кезінде) балаларымызды армияға бермейміз деп, елдің жартысы Ауғанстанға, жартысы Тәжікстанның Қорғантөбе облысы, Октябрь ауданы, Пашрабад деген ауылдың советінде 11 колхоз жайғасқандығын әңгімелейді. Олардың барлығы адайлар болды. Әрбір ру бір

колхоз болып орналасты. Мәселен, алаша, шеркеш, қосқұлақ, құнанырыс, балықшы бір колхоз, есенбет, түрікмен, адай бір колхоз, т.с.с. Құрама бір колхоз, қазақ, өзбек, лақай бір колхоз болып кете береді. Әр колхоздың 60-80 га. жері, 40-80 үй болды. Қорғантөбенің өзінде де қазақтар болды. Тәжікстандағы сүт өнімінің министрі Кенжеев Әбдірхан деген қазақ болған. Қорғантөбе облысы Пархар ауданында да қазақтар басым тұрды. Куляб облысында да қазақтар болды. 1960 ж. таудағы тәжіктерді тегістікке көшірген соң қазақтар Өзбекстанға т.б. жерлерге қоныс аударды, дейді (Қаленов Ахмет, 2001).

Қорытынды. Сонымен қазақтардың XX ғ. 20-50 жж. Орта Азия республикаларында қалыптасуының тарихы елдегі саяси әлеуметтік факторлар: 1916 жылғы көтерілістен басталып, 1917-1918 жж. қызыл террордан қауіптену, 1924-1926 жж Орта Азия республикаларының этникалық территориясын межелеу, 1928 ж. ұжымдастыру, 1931-1932 жж. ашаршылық, саяси қуғын сүргін, 1942-1947 жж. Қазақстаннан Өзбекстанға жалға берілген жерлер. Міне, осы оқиғалармен байланысты жермен бірге қазақ халқы бірге кетіп, бүгінде шетте жүрген Отандастарымызды құрауда.

Мақала «XX ғасырдың 20–50 жылдарындағы Орта Азия республикаларының аумағындағы қазақтар арасындағы саяси қуғын-сүргін (жаңа мұрағаттық деректер негізінде)» гранты бойынша жазылған.

Әдебиет

- Архипов Н.Б. Средне-Азиатские республики. М.-Л., 1930. 159 с.
- АН СССР материалы комиссии экспедиционных исследований. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Л.: Изд-во.АН СССР,1928. Вып. VI.-220 с.
- Әбдібаев Кәсен 1918 жылы туған, руы арғын. Қырғызстан. Манас селосы./Далалық этнографиялық экспедиция материалдарынан. 2001.
- Балашев Н.И. Узбекистан и сопредельные Республики и области. Ташкент: Узгосиздат, 1925. 97 с.
- Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (последняя четверть XVIII-60-е годы XIX в.). М.: Наука, 1980. 243 с.
- Ведомости Верховного Совета и правительства Казахской ССР. 1963. №6(425).
- Ведомости Верховного Совета Казахской ССР. 1956. №2 (156).
- Вся Средняя Азия 1926 год. Ташкент: ЦСУ, 1926. 654 с.
- Жданко Т.А. Национально-государственное размежевание и процессы этнического развития у народов Средней Азии. Ташкент: Фан, 1967. 120 с.
- Қадыров Ш. Народнонаселение Туркменистана: история и современность. Ашхабад, 1986. 223 с.
- Қаленов Ахмет. 1920 ж. ту-н. Жызақ облысы, руы-адай. Өзбекстан /Далалық этнографиялық экспедиция материалдарынан, 2002.
- Қалиев Бұғыбай. 1927 жылы туған, руы арғын. Манас селосы, Қырғызстан. /Далалық этнографиялық экспедиция материалдарынан, 2001.
- Қалшабаева Б.К. Орталық Азия казактары (тарихи этнографиялық зерттеу). Алматы: Қазақ университеті, 2011. 406 б.
- Қуан Тілектес. 1948 жылы туылған, руы адай. Ашхабад қаласы, станция Анау, улица Магистральная 21. /Далалық этнографиялық экспедиция материалдарынан, 2001.
- Қобыландин К.И., Мендикулова Г.М. Өзбекстандағы казактардың тарихы және бүгінгі дамуы. Алматы: Реиз, 2009. 296 б.
- Кобландин К.И. Участие казахов в процессе нацистроительства в Бухарской народной советской республике // Вестник НАН РК. 2008. №5. С. 62-67.
- Қырғызстан республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚырРОМА). 20 қор. 1 тізбе. 116 іс. 62-68 пп.
- ҚырРОМА. 21 қор. 1 тізбе. 5 іс. 25, 92 пп.
- ҚырРОМА. 21-қор. 1 тізбе 45 іс. 8, 8 а п.
- ҚырРОМА. 21-қор. 3 тізбе. 26 іс. 40 п.
- ҚырРОМА. 21-қор. 2 тізбе. 6 іс. 69, 71-72, 102-102 а.
- ҚырРОМА. 847-қор. 1 тізбе. 27 іс. 135-137 пп.
- Мадуанов С. История казахско-узбекских отношений в XIX-начале XX в. Алма-Ата: Кайнар, 1990. 160.
- Мадуанов С.М., Шалекенов М.У. История взаимоотношений народов Туркестана в XVIII-начале XX вв. Туркестан: Международнй Казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, 2000. 436 с.
- Материалы комиссий экспедиционных исследований АН СССР. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Исследование 1926 г. Ташкент, 1927. Вып. VI. 214 с.
- Материалы по районированию Узбекистана. Самарканд, 1926. Вып. 1. 56 с.
- Мирхаликов Т. Таджикиская ССР. Ташкент: Фан, 1984. 92 с.
- Назарбаев Н.Ә. Дүние жүзі казактарының II құрылтайында жасаған баяндама // Дүние жүзі казактарының шежіресі. Алматы: Дүние жүзі казактарының қауымдастығы, 2005. II кітап. 71 б.
- Нұрғалив Абат 1926 жылы туған, руы адай, Ташауыз облысы, Такта ауданы, Ызмықшиер селосы // ДЭЭМ, 2002.

- Оразов «Хозяйство и культура населения северо-западной Туркмений в конце XIX - нач. XX в.» Ашхабад: Ылым, 1972. 129 с.
- Отчет Сырдаринского экономического Сопещения за 1921-1922 гг. хоз. год. Ташкент, 1925. 36 с.
- Правда о государственной границе Республики Казахстан. Алматы: Жібек жолы, 2006. 228 с.
- Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Аму-Дарьи. К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII - XX вв. Ташкент: Фан, 1966. 336 с.
- Ўзбекистан республикасы Орталык Мемлекеттик Архиви (ӨРОМА) Р-1 қор. 1 тізбе. 704 іс. 18-21 пп.
- ӨРОМА. Р-1 қор. 1 тізбе. 706.-іс. 63-74,105-106 пп.
- ӨРОМА. Р-1 қор. 1 тізбе. 707-іс. 20-21 пп., 158-159 пп.
- ӨРОМА Р-1 қор. 1 тізбе. 721 іс. 314-315, 349-356 пп.
- ӨРОМА. Р-5 қор, 5 тізбе, 670 іс, 7 п.
- ӨРОМА. Р-5 қор, 5 тізбе, 67а іс, 41 п.
- ӨРОМА. 12 қор. 1 тізбе. 9 іс. 39-41,45 пп.
- ӨРОМА. 17 қор. 1 тізбе. 335 іс. 32-38 пп.
- ӨРОМА. Р-30 қор, 4 тізбе, 506 іс, 42 п.
- ӨРОМА. 34 қор. 1 тізбе. 421 іс. 54 п.
- ӨРОМА. 39 қор. 2 тізбе. 211 іс. 50 п.
- ӨРОМА. р 39 қор. 2 тізбе. 454 іс. 20-24 пп.
- ӨРОМА. 86 қор. 1 тізбе. 2550 іс. 431 п.
- ӨРОМА. Р-86 қор. 1-тізбе. 5266 іс. 6 п.
- ӨРОМА. 90 қор. 9 тізбе. 248 іс. 31-39 пп.
- ӨРОМА. 215 қор. 2 тізбе. 181 іс. 33 п.
- Информация о национальном составе постоянного населения Республики Узбекистан /<https://stat.uz/ru/ofitsialnaya-statistika/demografiya-i-trud/demograficheskie-pokazateli/433-analiticheskie-materialy-ru/2055-demograficheskaya-situatsiya-v-respublike-uzbekistan> (дата обращения: 29 июня 2018).
- Население Туркменистана и его состав в 2020 году (оценка) / <http://meteojournal.ru/stati/naselenie-turkmenistana-i-ego-naczionalnyj-sostav-v-2020-godu-ocenka/> (дата обращения: 29.10.2020).
- <https://asiaplustj.info/news/tajikistan/society/20190124/natsionalnie-menshinstva-tadzhikistana-skolko-ih-i-kto-unas-zhivet.24.01.2019>.
- Население - Официальная статистика. Статистика Кыргызстана / www.stat.kg. (Дата обращения: 2 апреля 2019).

References

- Arkhipov N.B. Central Asian republics. M.-L., 1930. 159 p.
- Abdibayev Kasen was born in 1918, his family is Argyn. Kyrgyzstan. Manas village / From the materials of the field ethnographic expedition, 2001
- Balashov N.I. Uzbekistan and neighboring republics and regions. Tashkent: Uzgosizdat, 1925. 97 p.
- Bekmakhanova N.E. Formation of the multinational population of Kazakhstan and Northern Kyrgyzstan (last quarter of the XVIII-60s of the XIX century). M.: Nauka, 1980. 243 p.
- Bulletin of the Supreme Council and the government of the Kazakh SSR. 1963. №.6 (425).
- Bulletin of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR. 1956. №2 (156).
- All Central Asia 1926. Tashkent: CSO, 1926. 654 p.
- Zhdanko T.A. National-state delimitation and processes of ethnic development among the peoples of Central Asia. Tashkent: Fan, 1967. 120 p.
- Kadyrov Sh. Population of Turkmenistan: history and modernity. Ashgabat, 1986. 223 p.
- Kalenov Akhmet 1920 Zhyzak region, Adai tribe. Uzbekistan / From the materials of the field ethnographic expedition, 2002
- Kaliyev Bogybay was born in 1927, his family is Argyn. Manas village, Kyrgyzstan. / From the materials of the field ethnographic expedition, 2001.
- Kuan Tlektes was born in 1948, his family is Adai. Ashgabat, Anau station, Magistralnaya street 21./ From the materials of the field ethnographic expedition, 2001
- Kalshabaeva BK Kazakhs of Central Asia (historical ethnographic research). Almaty: Kazakh University, 2011. 406 p.
- Khobylandin K.I., Mendikulova G.M. Ozbekstandagy Kazakhtardyk tarikhy zhane bogingi damuy. Almaty: Reiz, 2009 . 296 b.
- Koblandin K.I. Participation of Kazakhs in the process of nation-building in Bukhara People's Soviet Republic // Bulletin of NAS RK. 2008. №5. S. 62-67.
- Central State Archive of the Kyrgyz Republic (CSAKR) 20 fund. 1 list. 116 cases. 62-68 pp.
- CSAKR. 21 funds. 1 list. 5 case. 25. 92 pp.
- CSAKR. Fund 21. 1 list of 45 cases. 8,8 p
- CSAKR. Fund 21. 3 lists. 26 cases. 40 p.
- CSAKR Fund 21. 2 list. 6 cases. 69, 71-72, 102-102 a.
- CSAKR Fund 847. 1 list. 27 cases. 135-137 pp.
- Maduanov S. History of Kazakh-Uzbek relations in the XIX-early XX centuries. Alma-Ata: Kainar, 1990. 160 p.

- Maduanov SM, Shalekenov MU History of mutual relations of the peoples of Turkestan in the XVIII-early XX centuries. Turkestan: Международный Казахско - Турецкий университет им. Н.А. Yasavi, 2000. 436 p.
- Materials of the expeditionary research commissions of the USSR Academy of Sciences. Features agricultural economy of Adaev district. Research 1926 Tashkent, 1927. - Issue. VI. - 214 p.
- Materials on zoning of Uzbekistan. Samarkand, 1926. Issue. 1. 56 p.
- Мирхаликов Т. Tajik SSR. Tashkent: Fan, 1984. 92 p. 62
- Nazarbayev N.A. Speech at the II Congress of Kazakhs of the World // Chronicle of the Kazakhs of the World. Almaty: World Association of Kazakhs, 2005. Book II. 71 p.
- Nurgaliv Abat was born in 1926, tribe Adai, Tashauz region, Takta district, Izmykshier village. // From the materials of the field ethnographic expedition, 2002
- Orazov "Economy and culture of the population of north-western Turkmenistan at the end of the XIX century - nach. XX c. ». Ashgabat: Ylym, 1972. 129 p.
- Report of the Syrdarya Economic Council for 1921-1922 hoz. year. Tashkent, 1925. 36 p.
- Truth about the state border of the Republic of Kazakhstan. Almaty: Silk Road, 2006. 228 p.
- Shalekenov UH Kazakhs of the lower reaches of the Amu Darya. To the history of mutual relations peoples of Karakalpakstan in the XVIII - XX centuries. Tashkent: Fan, 1966. 336 p.
- Central State Archive of the Republic of Uzbekistan (CSARPU). P-1 fund. 1 list. 704 cases. 18-21 pp.
- CSARPU. P-1 fund. 1 list. 706.- case. 63-74,105-106 pp.
- CSARPU. R-1 fund. 1 list. Case 707. 20-21 pp., 158-159 pp
- CSARPU -R-1 fund. 1 list. 721 cases. 314-315, 349-356 pp.
- CSARPU. P-5 fund, 5 lists, 670 cases, 7 items
- CSARPU. P 5 fund, 5 list, 67a case, 41 p.
- CSARPU. 12 funds. 1 list. 9 cases. 39-41.45 pp
- CSARPU. 17 funds. 1 list. 335 cases. 32-38 pp
- CSARPU. P 30 fund, 4 list, 506 cases, 42 p
- CSARPU 34 funds. 1 list. 421 cases. 54 p.
- CSARPU. 39 funds. 2 list. 211 cases. 50 p
- CSARPU. p 39 fund. 2 list. 454 cases. 20-24 pp.
- CSARPU. - 86 funds. 1 list. 2550 cases. 431 p.
- CSARPU. R-86 fund. 1-list. 5266 - case. 6 p.
- CSARPU 90 funds. 9 lists. 248 cases. - 31-39 pp.
- CSARPU. 215 funds. 2 list. 181 cases. 33 p.
- USSR Academy of Sciences materials of the commission of expeditionary research. - Peculiarities of agriculture in Adaevsky district. L. : Publishing house of the Academy of Sciences of the USSR, 1928. Issue. VI.220 p.
- <https://stat.uz/ru/ofitsialnaya-statistika/demografiya-i-trud/demograficheskie-pokazateli/433-analiticheskie-materialy-ru/2055-demograficheskaya-situatsiya-v-respublike-uzbekistan> / Information on the national composition of the resident population of the Republic of Uzbekistan Date of treatment: June 29, 2018.
- <http://meteojournal.ru/stati/naselenie-turkmenistana-i-ego-sostav-v-2020-godu-ocenka/> Население Туркменистана и его состав в 2020 году (оценка). 29.10.2020.
- <https://asiaplustj.info/news/tajikistan/society/20190124/natsionalnie-menshinstva-tadzhikistana-skolko-ih-i-kto-u-nas-zhivet>. 24.01. 2019.
- www.stat.kg. Population – Oficialnaya statistika - Statistics of Kyrgyzstan. Date of application: April 2, 2019.

FTAXP 03.20

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «БЕС МАСАҚ» ЗАҢЫ: 1932-33 ЖЖ. СОТ ОРГАНДАРЫНЫҢ
ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ (ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ МЫСАЛЫНДА)**

Саурыкова Жанар Сансызбаевна

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы, Қазақстан. E-mail: zhanarsaurykova@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада 1932 ж. 7 тамызда Ортатком мен КСРО ХКК «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қабылдаған қаулысының негізінде сталиндік репрессиялық саясаттың ауылдық жерлерде шаруаларға қарсы жаппай жүргізілгендігі қарастырылады. «Социалистік меншікті қорғау туралы» заң немесе халық арасында «Бес масақ» атанған Заңның аясында колхоз меншігін талан-таражға салғаны үшін,